

# АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



**А**ға буын ұмыта алмайтын, оның үстіне, өзіміздің талантты өншіміз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Светлана Айтбаева «Бұлбұлды» жүрек шымырлата шырқағанда еске түсе кететін композитор, Қазақстанның халық артисі Латиф Хамидидің естелігінде Мәскеудегі бір сәтті баян ететін мынадай жолдар бар еді:

«...Бір күні Сейітқали ағаның жазу үстелінің үстінен жаңа ғана баспадан жарық көрген А.Жұбановтың «Музыка өліппесі» деген кітабын көзім шалып қалды. Өліппеде қазақ тілінде музыкалық сауат жөнінде қарапайым мәліметтер және көптеген ноталық мысалдар келтірілген екен. Бұл музыка жөнінде қазақ тілінде шыққан тұңғыш кітап еді. Сондықтан да А.Жұбановтың бұл еңбегі маған үлкен әсер етті. Сейітқали аға бұл өліппенің ақы иесі Ленинград консерваториясының студенті, музыкалық жоғары оқу орындарындағы бірден-бір қазақ екендігін айтты. «Біз оның Қазақстанға қайтып оралуын асыға күтудеміз», — деді Сейітқали аға. Сәл түсініктеме бере кетсек, кейін



көңіліміз суып қалар еді. Отыз жетінші жылдарғы зобаландарды қоя тұрайықшы, мысалы, одан беріде де қыруар іс тындырған, сол еңбегі партия мен үкімет тарапынан жоғары бағаланған, отыз жасында «Құрмет белгісі», қырық жасында Еңбек Қызыл Ту ордендері берілген қадірлі академик, Қазақ КСР халық артисі Ахаңа 1951 жылы қандай кінолар тағылды?

Композитор, КСРО халық артисі Фазиза Ахметқызы Жұбанованың сөзіне назар аударалық:

«...1947 жылы либреттосын М.Әуезов жазған «Төлеген Тоқтаров» операсының премьерасы өтті. Тағдыр өкеме қайтадан оң қабақпен қарай бастаған секілді көрінді, дегенмен бұл ұзаққа созылмады. 1948 жылы космополитизммен күрес науқаны басталып кетті. Бірақ өкем бұдан өйтпей аман қалды. Ал 1951 жылы интеллигенцияны ұлтшылдыққа қатысты айыптаулар кенет өріс алып кетті де, міне, сол кезде өкемді қандалаша талады: респрессияға ұшыраған ағасын (Құдайберген Жұбановты — ред.) еске түсірді, Абылай ханның ұрпағы Кенесары Қасымов туралы өуеннің ноталық жазбасы енгізілген «Қазақ халық композиторларының өмірі мен творчествосы» кітабын еске алды. Тіпті сөзі де жоқ музыкалық жазбаның өзі өкемді ұлтшылдар санатына жатқызуға жеткілікті дәлел

новтың соңында музыкалық туындылары мен музыкаға қатысты кеңестік заманның талабына сай түзілген ғылыми еңбектерінен басқа ерекше ештеңе қалған да жоқ.

Әйтпесе, айталық, нәшеме кітаптар жазған Ахаң туған ағасы, қазақ тілі ғылымының тұңғыш профессоры Құдайберген Жұбанов туралы шыншыл естеліктер жазған болса, қазір бұлар баға жетпес құнды дүниелердің қатарында тұрар еді ғой. Ахаң: «Коммунист Құдайберген өзінің педагогикалық, ғылымдық жұмыстарымен қатар, қоғамдық зор қызметтер атқарды. Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды», — деді де... ірілді. Кеңестік тіл ғылымының сол ірі тұлғасы неге, қалай оққа байланғаны жөнінде тіс жара алмай кетті.

Әйтпесе империяшыл саяси цензура кірпік қақпай қарауылға алып тұрмаған болса, қазақтың күй өнері мен күйшілері, өн жанры мен өншілері жөнінде қымтырыла қысқа қайырмай, ұлт қазынасының қазақтың ерекшеліктері жайында көсіле толғар еді-ау. Оған қоса қазақ күй-әуендерінің ежелгі түпбастаулары, тіпті беріден гана сөз еткенде, түркілік сипаттары туралы қандай терең дүниелер қолымызда жүрер еді.

Яғни үнемі қайталана берген саяси түртпек Ахаңның адымын аштырмады, дарынды ғалым-композитор рұқсат етілген тұсқа дейін гана жүзу-

## Тұңғыштардың бірі еді

қазақ жұртына сіңісіп кеткен композитордың Сейітқали аға деп отырғаны — көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, 1937 жылы қуғын-сүргін құрбаны болып кете барған Сейітқали Меңдешев.

Ал 1933 жылы шыққан «Музыка өліппесі», расында да, музыкалық тәлім алғысы келетін қазақ өскіндеріне арналған тұңғыш өліппе еді.

Сөз озырмай және айта кетер болсақ, қазақтың тұңғыш профессор-композиторы Ахмет Жұбановқа музыка саласында бұдан басқа да бірқатар тұңғыш қадамдарды басуға тура келді.

Ол — республикамыздағы өнертану ғылымының тұңғыш докторы, Қазақ КСР Ғылым академиясы ашылғанда тұңғыш сайланған алты академиктің бірі (Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Бектұров, С.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев), Жамбыл атындағы қазақ филармониясының тұңғыш директоры және көркемдік жетекшісі, қазақтың тұңғыш хор капелласын ұйымдастырушы, тұңғыш би ансамблін құрушы, қазіргі Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының негізін қалаушылардың бірі және оның директоры, осы консерваториядағы қазақ халық аспаптары кафедрасының іргетасын қалаушылардың бірі және кафедра басқарушысы, қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрінің негізін салушы және оның көркемдік жетекшісі, бас дирижері.

А.Жұбановтың ұйытқы болуымен тұңғыш іске асырылған мерейлі істер жеткілікті-ақ: қазақ музыкасын зерттейтін ғылыми кабинет, музыкалық сынақ шеберханасы, Қазақ КСР Ғылым академиясындағы өнертану секторы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыка бөлімі, т.б.

Ахмет Қуанұлы алпыс жасқа толған шақта, 1966 жылы сөз өнерінің білгірі Зейнолла Қабдолов «Ахаң жайлы аз сөз» деп аталатын мақаласын былай бастаған еді:

«Табигат задында жомарт. Дей тұрғанмен, сол жомарт табиғаттың өзі жарық дүниеге тым сирек, сараң сыйлайтын дарқан дарын иелері болады. Олар — өзгелерден озық, оқшау тұратын, өсімі ел аузында ертегіге айнала жаздаған, туған халқының мерейі мен мақтаны болғандай тамаша таланттар.

Сондай сирек ұшырасатын ірі, іргелі творчестволық тұлғалардың бірі — Ахмет Қуанұлы Жұбанов.

Ахаң туралы сөйлеу аса қиын. Өйткені ол — қыры-сыры мол жан-жақты жүйрік. Турасын айтсақ, қазіргі қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымында кешегі өткен кемеңгер Әуезов Мұхтардың орны қандай болса, қазіргі қазақ музыкасы мен музыкатану ғылымында Жұбанов Ахметтің де орны сондай.

Ахмет Жұбановтың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында, 2006 жылы бұл әңгімені әйгілі Әбіш Кекілбаев алпысыншы жылдардағы Алматының рухани өмірін мысалға ала оты-

журтының маңдайына XX ғасырда жазылған осындай тұңғыштардың қандай қауіпті өткелерден өткенін де ұмытпаймыз.

Сол Сәтбаев, сол Әуезов, сол Жұбанов туған елдерін тастай қашып, Мәскеуді пана тұтқан кезі кешегі ғасырдың кешегі елуінші жылдарының басы емес пе еді?! Бұл ретте тіпті жазушы Медеу Сәрсекеев өмірбаяндық «Қаныш Сәтбаев» кітабын еліміз тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстанда бастыра алмай, «ЖЗЛ» сериясымен әуелі Мәскеуде жария-

болды. Консерваторияда, Композиторлар одағында, Ғылым академиясында «сауаттандырылған» жиналыстар өтіп жатты... Дегенмен тағдыр тағы да мейірімін төкті, оны қапсақа қамап қойған жоқ, әйтсе де ол консерваторияның бірден-бір профессоры, бірден-бір музыкант-академик, дирижер, композитор, жұмыссыз қалды. Сонан соң ол сол бір қандалаша талауға дағдыланған нәм талантсыз пенделерді ызаландыра бермеу үшін Мәскеуге кетті»...

Бір қосымша: сол жылы (28 қыр-

ге мәжбүр болды.

Немесе Ахаңның шәкірттерінің бірі, профессор Тмат Мерғалиевтің мына сөзі де ойландырарлық-ақ ескерту: «Халқымыздың дарынды өнші-күйші, сазгерлері, ғалымдары мен өнер қайраткерлері, т.б. жайлы том-том кітаптар жазса да, өзі туралы небәрі екі-ақ бет сөз қалдырыпты». Өзі туралы екі-ақ бет емес, еңселі кітап жазу да Ахаңның қолынан келер еді-ау, өттең, жазғызбасы жазғызбаған ғой. Баршаға мәлім мына әңгімені тірілте кетейік. Баспаға кітабын тапсырған Ахаң қолжазбасының кейінгі жай-жапсарын біле кетейін деп сол баспаға соғады ғой. Кітап редакторы етіп бекітілген жігіт жатып кеп мақтайды: «Ой, аға, кітабыңыз тамаша, еш міні жоқ, өте сауатты екенсіз ғой, тіпті үтір-нүктелеріне дейін орнында тұр». Сонда Ахаң: «Қайдан білейің, осы жұрт мені академик деп жүр ғой», — деп мырс етіпті. Бұл да қазіргі қаптаған академиктерге бір үлгі.

Әрі-беріден соң «Қарлығаш», «Көгершін» тәрізді көптеген өндер, әйгілі «Би күйі» тәрізді қаншама аспаптық шығармалар мен операларды да композитор жоғарыда аталып өткендей қыруар шаруалардың ортасында жүріп жанкештілікпен дүниеге әкелгенін және естен шығармаймыз.

Ендеше Ахмет Қуанұлының «Елім деп өткен ер», «Қазақ музыкасының қарлығашы», «Қазақ музыкасының гүлаамасы», «Саз өнерінің сардары», «Первоискатель», «Выдающийся современник» атанбайтын жөні бар ма еді?!

Ал өсімі аңызға айналған академиктің өркениетке ілескісі келмей, ескіні көксей беретіндігін қос ішекке табынғыштығын сынаушылар тіпті бергі кезеңнің жекелеңген арамшөптері еді. Сонда, өркениетке ілестік дегендегі жеткеніміз қазіргі заманның қазақтықтан мүлдем айырылып қалған мына музыкалық қойырптағы ма? Шүкір, бұл ұлттық сорақылықты Ахмет Жұбанов көрмей кетті.

Біз быыл туғанына 110 жыл толғалы отырған қайталанбас тұлға туралы жазылар жайларды атүсті гана шолып шықтық. Әйтпесе жоғарыда айтылған Ахаңның қолтаңбасы қалған әр істің өрқайсысы өз алдына бір зор тақырып емес пе!? Мына жаңарған заманмен бірге Ахаң туралы айтылар әңгімелер мен қағазға түсер зерттеулер де жаңғыра бермектігіне, тармақтана түспектігіне және дау бар ма?!

Ертай АШЫҚБАЕВ.



рып былайша таратыңқырап жазғаны бар:

«...Ол көздегі сондай жаппай аңсарымызды аударатын жайсаңдарымыздың бірі Ахмет Қуанұлы Жұбанов еді. Көзқарақты қазақтың қай-қайсысы да өбием десе — Қаныш Сәтбаевты, әдебиет десе — Мұхтар Әуезовті, батырлық десе — Бауыржан Момышұлын еске алатын. Ал саз өнері дегенде көз алдыға төбесіндегі туырылып тұрған тұнық ауада әуелей самғап жүрген өдемді өуенді қармап алғысы келгендей, салалы саусақтарының арасындағы ақ сүйір сиқыр таяқшасын ойнақышта сермелеп, көк бурыл бұйра шашы желді күнгі толқандай дудырап Ахаң, Ахмет Жұбанов тұра қалатын. Ол лекция оқиды, дирижерлік етеді дейтін жерге тайлы-таяғымыз қалмай теріс ағылатын-быз».

Солдай солай-ау, дегенмен біз алғашқы академиктердің — қазақ

латқаны да баршаға мәлім. Кейін толықтырылған сол кітапта дана ғалымның бастан кешкен шырғалаңдары тайға таңба басқандай етіп айтылады. Ал Мұхтар Әуезовтің қандай өдеби (саяси) талқыларда қалайша «таланғанын» қазір жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбай ауызекі әңгімелердің желісімен емес, тура стенографиялық жазбалар арқылы өшкереlep жүр. Тап осылайша талдап жазылмағанымен, әуелі сонау отыз жетінші жылдары, кейін елуінші жылдардың басында Ахмет Жұбановтың тағдырына өткір пышақтың жүзі қанша рет қалай төнгені де біршама белгілі. Әрине, бұл ретте ғалым-композиторға қатысты сол заманда түрлі басылымдарда жарияланған зорлі мақалалар мен баяндамаларды, стенографиялық есептерді өңбекқор Тұрсын Жұртбайша тірілтсек, қазір өзіміз аса қадір тұтатын талай тұлғаларымыздан бір сөтке болса да

күйек 1951 жыл) композитор «Социалистік Қазақстан» газетіне «Музыка ғылымындағы менің күрделі қателіктерім» деген мақала жариялауға мәжбүр болды.

Осы сөзге және жалғай кетелік, 1952 жылы сәуірде Қазақ КСР Ғылым академиясының сессиясы Ахмет Жұбановты академик атағынан айырды.

Сонда соншама жазаланатындай, яғни «композитор Жұбановтың буржуазиялық-ұлтшылдық қателері» қандай еді немесе «Қазақстан музыка катанымындағы теріс бағыт» не еді? Сол заманның көзімен қарағанда кіне тіпті де осал емес: Кенесары ханға қатысты өуенді дәріптегені немесе Дәулеткерей тәрізді «тап жаулары өкілдерінің» күйлерін нотаға түсіріп, оркестрде орындатқаны, т.б.

Әрине, мұның бері өткен күндер қасіреті. Сол қасіреттерге біздің бүгінгі бір өкінішіміз қосылады. Ахмет Жұба-